



БЕКІТЕМІН

Колледж директоры

А.С.Иугымаров

« 2021 ж.

Ашық сабақ жоспарларын бекіту тәртібі

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы ереже

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III "Білім туралы" Заңы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары негізінде әзірленді.

1.2. Ашық оқу сабағы озық тәжірибені тарату нысаны, педагогтердің әдістемелік жұмысының нәтижесі, мекемедегі оқу және тәрбие қызметінің пәрменді элементі болып табылады.

1.3. Ашық оқу сабағының мақсаты оқу-тәрбие қызметінің озық нысандары мен әдістерін көрсету, оқыту құралдарын пайдаланудың дидактикалық тиімділігін талдау, ғылыми ұйымдастыру тәсілдерін қорыту және оқу қызметінің сапасын бақылау болып табылады.

1.4. Ашық оқу сабағын өткізетін педагогтың міндеті қолданылатын технологиялардың, әдістердің тиімділігін бағалау, жекелеген тәсілдерді, педагогикалық табыстарды жетілдіру, оқу-тәрбие жұмысының өзіндік жүйесін құру болып табылады.

1.5. Ашық сабақ өткізу үшін оқытудың кез келген нысаны бойынша оқу сабақтарының кез келген түрі пайдаланылуы мүмкін.

1.6. Оқу жылының басында ашық оқу сабақтарын өткізу кестесі жасалады. Әдістемелік бірлестіктің басшысы ашық оқу сабақтарын өткізудің бірыңғай кестесін жасайды. Мекеме директорымен бекітілген ашық оқу сабақтарын өткізу кестесі педагогтердің назарына жеткізіледі.

2. Ашық сабақты жоспарлау тәртібі

2.1. Циклдік комиссияның соңғы отырысында оқу жылының соңында жаңа оқу жылына арналған ашық сабақты өткізудің болжамды кестесі жасалады.

2.2. Жаңа оқу жылының басында ашық сабақтарды өткізу кестесі қайта қаралады және әрбір әдістемелік бірлестікке қажетті өзгерістер енгізіледі. Бекітілген кесте колледж педагогтерінің назарына жеткізіледі.

2.3. Тақырыпты, күнді, сабақ өткізілетін топты қамтитын ашық сабақ жоспары циклдік комиссияның отырысында өткізілгенге дейін 1 ай бұрын талқыланады және оған оны өткізгенге дейінгі бір аптадан кешіктірмей циклдік комиссияның төрағасы, сондай-ақ колледж әдіскері қол қояды.

2.5. Сабақты талқылау және талдау сабақ өте салысымен жүргізіледі. Ашық сабақты барлық қатысушылар 5 балды жүйесі бойынша бағалайды.

2.6. Өзара қатысу талдауларына сабаққа қатысқан оқытушылар қол қояды және әдістемелік кабинетке өткізіледі.

2.7. Әдістемелік әзірлемені ашық сабақ өткізілгеннен кейін сабақ барысында алынған барлық құнды білімдер онда көрініс табатындай және оны басқа мұғалімдер қолдана алатындай толықтыруға және ішінара өңдеуге болады.

2.8. Ашық сабақ материалдарын (сабақ жоспары, қағаз және электрондық түрдегі хаттама, үлестірме материалдар, ашық сабақтың фотосуреттері мен бейнелері) оқытушы сабақ өткізілгеннен кейін 3 күн ішінде әдістемелік кабинетке тапсырады. Ашық сабақтың материалдары әдіскермен келісілгеннен кейін колледж сайтына жауапты тұлғаға беріледі. Ол Оқу үдерісі – Әдістемелік жұмыс – Ашық сабақтар бөліміне орналастырылады.

Әзірлегендер: әдіскер, ПЦҚ төрағалары